

Түркістан облысының білім басқармасының сайрам ауданының білім бөлімінің  
«№2Сайрам» бебекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын.

Бекітемін:

МКҚК «№2Сайрам» бебекжай-

бақшасы менгеруші

Науменова К.С. 2024ж



## Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «Математика еліне саяхат.»

Тәрбиеші: Курбенова Ж.И.

Аксукент -2024 жыл.

**Ашық үйымдастырылғаніс-әрекет.**

Білім беру саласы: Таным, қатынас, шыгармашылық, деңсаулық.

Болімі: Математика неігіздері

Такырыбы: Математика еліне саяхат.

Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер жайлы түстерді ажыратып дұрыс атай білуге жылдың төрт мезгіл жайлы түсініктерін бекіту.

Білімділік пішіндердің қолемін, түсін дұрыс атауга дагдыландыру.

Дамытушылық балаларға әртүрлі тапсырмалар бере отырып, зейінін логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Көрнекілік пішіндер, түстер төрт мезгілге байланысты сурегтер.

### **Тәрбиешінің басқару әрекеті:**

Тәрбиеші: Балалар бүгін бізде ерекше күн. Өйткені бізге қонақтар келді. Бәріміз амандастып алайық.

### **Балалардың іс – әрекеті:**

Балалар шаттық шенберін жасап, жылы тілектерін айтады.

Шаттық шенбері.

Дөңелене тұрайық

Достық үйін құрайық

Математикамен дос болып

Біз көңілді болаық

Қайырлы таң қонақтар

Қайырлы таң апай

Қайырлы тан балалар

Жарайсындар балалар. Балалар бүгін сендермен математика еліне саяхат жасаймыз, барғыларың келеме?

Балалардың жауабы: -ия қуана жауап береді.

Онда бізді түрлі қызықты ойындармен саяхаттар күтіп тұр.

Ал балалар математика әлеміне сиқырлы шарлармен ұшып барамыз.

-Ортақ білім шапағат

Жүрсін бізге жол бастап

Сиқырлы шарларды қосайық

Балалар: -шарларды алып, сөздерді қайталайды.

Математика әлеміне саяхатқа барайық.

Балаларды алдынан математика әлемінің ханшайымы күтіп алады.

Балалар ханшайыммен сәлемдеседі.

Балалармен сәлемдесіп оларды қызықты ойындар, тапсырмалар күтіп тұрганын айтады.

Ханшайым балалардан жылдың төрт мезгілі жайлы сұрайды.

Балалар: Қоқтем, жаз күз, қыс.

Жарайсындар. Төрт мезгілдің ерешеліктерін атайды.

Дидактикалық ойын: Жыл мезгілдері.

**Ойын шарты:** балалар жыл мезгілдердің ерекшеліктеріне байланысты суреттерді алғып қалташаларға орналастырады.

Балалар суреттерді қалташаларға салады.

Жыл мезгілдер жайлыш тақпақтарын айттып береді.

**Муса:**

Коктем келді құлпырып.

Арықтардан су акты.

Бәйшешектер гүл ашып

Жан-жануарлар оянып.

Бакта бұлбұл сайрады.

**Мәншүк:**

Жайқалып жапырақ

Құлпырып гүлдер

Тұратын көз тартып

Жаз келді, күн шуақ.

**Абубакир:**

Алтын сары, қызыл кок

Алуан-алуан жапырақ

Күзгі бақта күлімдеп

Көз тартады атырап.

**Кәусар:**

Жапалактап ала қар

Жауды күнде қайталап

Қырға шығып балалар

Шанғыларын арқалап.

Балалар тапсырмаларды дұрыс орындаудар жарайсындар. Балалар мына экранға қараймыз, пішіндерді атаймыз. Ханшайым балаларға тапсырма береді. Балалар келесі тапсырмаларды орындауда кедергілерден өтуіміз керек. Жердегі кілемшедегі геометриялық пішіндерді тауып секіреді. Келесі тапсырманы Ханшайым қобдишаны ашып, мыны тұрган асықтарды түстеріне қарай топтастырындар.

Балалар асықтарды түстеріне қарай топтастырады.

**Дойын:** Түстерін ата. Ойын шарты: балалар әртүрлі түсті асықтарды алғып түстеріне қарай, қорапшага салады. Ал енді балалар серігіп алайық. Бала балақан әніне іс қимылдар жасап сергіту сәтін жасаймыз. Жарайсындар балалар. Балалар қобдишамыздың ішінде тағы бір тапсырма бар екен, кәне көрейік. Балалар мнемотаблицаны орындаиды. Мұнда затарға сәйкес пішіндерді орналастырады.

Балалар: Пішіндерді атайды.

Тағы екінші тапсырма бар түстеріне қарай ермексазды домалактап жапсырады.

Ханшайымберген тапсырмаларды орындаиды

Үшінші тапсырма боялған таяқшалардан ,әртүрлі пішіндерді құрастырады.  
Балалар топтарға бөлініп тапсырмаларды орындайды.  
Жарайсындар балалар менің сендерге дайындаған сыйлығым бар.Ханшайым  
сыйлықтарын таратып береді.Балалар Ханшайыммен қоштасып сиқырлы  
шарлармен топқа келеді.

Балалар қоштасып шарлармен топқа келеді

-Балалар біз қонаққа қайда бардық?

-Немен ұшып бардық?

-Қандай геометриялық пішіндерді білеміз?

-Қандай түсті асықтарды жинадық?

-Қандай мезгілдер бар?

Балалар қойылған сұрақтарға кері байланыс береді.

Бүгін біздің математика еліне саяхатымыз аяқталды,келген қонақтармен  
қоштасамыз.

Балалар келген қонақтармен қоштасады.